

2012 жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Қазығұрт ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 64 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қарашада N 14-6-149 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 688 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімінің 2012.05.10 N 688 хатымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. 2012 жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу 2012 жылдың қаңтар-наурызында ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Ауылдық округтердің әкімдері тіркеуді өткізу кезеңінде шақыру учаскесіне шақырылушыларды хабардар етуді және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

3. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындары басшыларына ұсынылсын:

1) тіркелуге жататын азаматтарды ауданның шақыру учаскесіне шақыру жөнінде хабарлау және шақыру бойынша уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босату.

4. «Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) «Қазығұрт аудандық орталық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігерімен бірлесіп (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қарулы

Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережелерінде айқындалған тәртіппен медициналық комиссиядан өткізу ұсынылсын.

5. «Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) 2012 жылдың 1 сәуірінен кейін әскери есепке тұрудан жалтарған әскерге шақыру жасына дейінгілерді іздестіруді және ұстауды жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Тағаеваға жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Б.Д.Қыстауов

К Е Л І С І Л Д І :

«Қазығұрт аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Мендикулов Альберт Ақылбекұлы
« ____ » _____ 2011 жыл

«Қазығұрт ауданының ішкі істер
бөлімі» мемлекеттік мекемесі
бастығының міндетін атқарушы

_____ Сахов Құрманбек Сатымбекұлы
« ____ » _____ 2011 жыл

«Қазығұрт аудандық орталық емхана»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынның бас дәрігері

_____ Алтенов Данияр Сабырұлы
« ____ » _____ 2011 жыл